

АБАЙҒАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жақып,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Өзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Шікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жақып**

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2015. – 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙДЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ РОМАНЫ

Аударма ма, төлтума ма?

Абай – ұлт көркі. Адамзаттың рухани казынасына қазақ не қосты деген сауал туа қалса, жауабын біз іркіліссіз Абайдай сарқылмас бай кенішімізден іздейміз. Абай қазақтың жазба әдебиетін дүниеге әкелді. Абай мұрасынан әдебиетіміздің барша жанры тарайды. Жетекші жанр – роман да. Романның эпостық, хикаяттық (повествовательность) қасиеті фольклор мен ауызекі әдебиеттен. Жан жүрегі – Абай туғызып өркендеткен лирика жанрынан. Сонымен бірге Абай қазақ романы тарихының өзінің де бастау көзін ашты. Бас абайтанушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылыми тұжырымына сәйкес, романның эпистолярлық түрін өрнектеді.

Әуезовтің эпистолярлық роман деп атағаны, А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романының қазақша нұсқасы (версиясы). Жалпы аты қойылмаған шығарманы шартты түрде «Онегин – Татьяна» десек, оның бұған дейін әдебиет тарихында роман жанрының басы ретінде Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарымен қатар аталмай жүргенінің өз себебі бар. Бұған дейін «Онегин – Татьяна» эпистолярлық романы аударма, нәзира делініп келді. Олай болғанда Әлішер Науаидің «Ләйлі-Мәжнүн» нәзира поэмасы секілді төлтума шығарма есебінде бағалануы тиіс еді, бірақ аударма анықтамасы ауызға жиірек іліге берді.

Аударма дегеніміз не? Бір тілде жазылған мәтінді екінші тілде дәл, түсінікті етіп жеткізу ғой. Түсінікті етудің құралы біркелкі емес. Біреуі – калька. Мәтінді сөзбе-сөз беремін деп отырып тәржіманың оқылуын қиындатады. Еркін аударма дейтінің бөтен тілдегі мәтіннің мағынасын бұзып бет алды лағып кетеді, тәржіманың дұрыс-бұрыстығына шек келтіреді. Ең дұрысы – аударманың балама түрі (адекватный перевод). Мәтін авторының ой өрбіту, сөз сөйлеу мәнерін сақтау.

Қазақ әдебиетіндегі пушкиннама – өзі бір жатқан шалқар дүние. XX ғасырдың бас шенінде Шәкәрім Құдайбердиев А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Бұрқасын» әңгімесін өлең етіп жырлады. Кеңес кезінде «Евгений Онегин» романын қазақ ақындары Ілияс Жансүгіров пен Қуандық Шаңғытбаев қазақ тіліне толық аударып шықты. Кезінде Қазақстанда ұлы орыс ақынының екі томдық өлеңдер жинағы қазақ тілінде жарық көрген.

Біздің айтпағымыз, Абайдың эпистолярлық романы жанры тұрғысынан ба, мәтіндік құрылымы, стильдік, образдық бітім ерекшелігінен бе, қай жағынан да бұл қатарға жатпайды. Күні бүгінге дейін айтылып жүргеніндей, аударма емес...

Пушкиннің басты шығармасын қазақ жұртын таныстырмаққа бел байлағанда, Абай орыс данасының асыл қазынасын халқының санасына қалай жеткізудің жолдарын қарастырмады, көп ойланып-толғанбады дей алмайсың. Орыс пен қазақ ол кезде бір шаңырақтың астындағы ел еді десек те ментальділігі, бүкіл болмысы бөлек, ұқсастығы аз жұрттардан саналатын. Пушкин туындысын бар энциклопедиялық қуатында жеткізу, шығарманы түп-тұқиянына дейін қотарып аудару орыс мәдениетімен араласқұраластығы шамалы көшпенділерге әлі ертерек көрінуі заңды. Абай дала қауымына етене жақын махаббат хикаясын шертуді, Татьяна мен Онегиндей ғашық жандардың ұлан-асыр ұйтқыған сезімдеріне бойлауды мақұл көрген деп шамалаған орынды.

Біздіңше, романның Абайға бәрінен де күшті әсер еткен тұсы Татьянаның Онегинге жазған хаты. Қыз елден ерек әрекетке барып, сүйген жігітіне асықтығын бірінші боп білдіреді. Және бейкүнә балаң сезім махаббаттың жеңілмес қуатына бөленгенде қандай сыршыл да сазды тілге ие болған! Дәл осы хат Абайға өз ойын эпистолярлық, хат алу, хат берісу формасына жүгінуге түрткі болды деп топшылауға керек. Қазақтың бұрынғы өмір салтында хатқа түскен жазуда сиқырлы қасиет бардай көрінген. Ауыл жігіттері көбіне көп сүйіспеншілік өрт сезімін хат арқылы жеткізуге ұмтылған. Хат жазу ұсталығы қолынан келмегені ақындық желі, өлең сөзге таласы барға жалынған. Абай Пушкиннің романын қазақ жұртына жеткізбек талабында ауыл ғашықтарының хат арқылы табысатын сол ғадетін еске алған тәрізді.

Пушкинде Татьяна хатына Онегин хатпен емес, ауызекі жауап береді. Байқұс қызбен деревня бағында көзбе-көз тілдеседі. Сол кездесуде қыздың меселін қалай қайтарғаны Абайда «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі» деген бөлімдерде хат түрінде беріледі. Петербург салонында Татьянамен жүздескендегі Онегиннің сүйдім-жандымы, оған Татьянаның өр жауабы «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі» боп тағы да хат формасына түсіріледі. Хатқа жатпайтын «Онегиннің сипаты», «Ленский сөзінен» және «Онегиннің өлердегі сөзі» атты үзінді бөлімдер шығарманың эпистолярлық өрнегіне іркіс туғызбаған.

Абайда хат алысып, хат берісу бірден екі жастың романына айналып кетеді. Адресі хат жазысудың көркем шығармаға ұласатын фактісі дүние жүзі әдебиетінде көп кезігеді. Осы тарапта Абайдың көзіне түсуі, не орыс зиялыларынан естіп білуі мүмкін романдардан Ж.Ж. Руссоның «Юлия, немесе Жаңа Элоиза» (1761), И.В. Гетенің «Жас Вертердің қасіреті» (1774), П.Ш. де Лаклоның «Қатерлі байланыстар» (1782) атты туындыларын атауға болады. Пушкиннің өлең романынан алынған материалға эпистолярлық форма лайық деп тапқан Абай, басты бейнелеу құралы етіп лириканы алады, жас жүректердің жан тебіренісін өлеңмен бейнелеуді мақұл көреді.

Қазақ туындысының орыс түпнұсқасынан жанрлық айырмашылығын алғаш аңғарған кісі – Мұхтар Әуезов. «Көбінше, Абайдың аударуында хаттармен баян етілген роман (эпистолярный роман) қалыптанған тәрізді» – деп жазады ол «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы» атты монографиясында.

Мұхтар эпистолярлық туындының көп-көп тұсын «Пушкинше емес» дей отырып, Абай туындысын нәзира жанрына жатқызған. Абайтануда осы көзқарас күні бүгінге дейін сақталып келеді. Бірақ Мұхтар Әуезовтің талдауларын тағы да бір сүзіп өткенде, бұл көзқарасты қайта қарау керектігі аңғарылады. Мұхтар тілінің ұшында тұрған «аударма емес» деген сөзді өз уақытының қасаң тәртіптерін ескере отырып айта алмаған тәрізді.

«Осылайша, 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты».

Алғаш рет 1937 жылы «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында жарияланған әңгімедегі рәміздік сурет. «Онегин-Татьяна» аталатын эпистолярлық роман өстіп Мұхтар Әуезовтің «Татьянаның қырдағы әңгімесіне» ұласты. Ол бұлақ көзінен араға жылдар салып «Абай жолы» роман-дариясы өсіп тасқындады. «Татьянаның қырдағы әні» романның екінші кітабының (1947) соңғы тарауына «Тағы да әнде» деген тақырыппен енгізілді. Кейінгі басылымдарында өзгеріп «Биікте» деп аталды. Тараудың аты ғана емес, заты да өңделді. Ол өңдеу тіл ұстартумен шектелмеген. Бас абайтанушы «Евгений Онегиннің» қазақ нұсқасы аудармаға жата ма, жатпай ма деген мәселені роман-эпопеясында да, зерттеу еңбектерінде де көп төңіректеткен сынайлы.

«...Татьянаны ақын өз елінің тілімен сөйлете бастап еді. Сөйлеткен сайын Татьяна майда қоңыр үн тауып, бұл тілде де нәзік көркем күй толғап, ділмар жас шебер-шерлі боп барады. Қазір ұяң майда қызға Пушкин жазғызған хат пен өзі жаздырған хатты салыстырады. Кей жерлері Пушкинше емес, қатаңдау. Бірақ ол оқушының шалалығына амалсыздан берілген баж. Сонда да ұғынар ма!».

Пушкинше емес...

Абайдың Пушкинше емес, өзінше кетуі басым екендігі «Абай жолы» романы да, зерттеулерінде де анық байқалады. Эпистолярлық романдағы хаттарды Мұхтар Әуезов негізгі үш топқа бөледі.

Бірінші топ – «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты» («Амал жоқ – қайттім білдірмей»), «Онегин сөзі» («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін»), «Ленский сөзінен» бөлімдері. Бұл «бөлімдерде Пушкинге көп жерлерінде жақын келіп отырады». «Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай дәл шебер аударып береді. Бірақ сонда да бұл бөлімдердің өзінде Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой сезімдер жиі ұшырайды». «Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің текетіне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік бар».

Екінші топты «Онегиннің Татьянаға жауабы» («Таңғажайып бұл қалай хат»), «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» («Құп

білемін, сізге жақпас»), «Татьяна сөзі» («Тәңірі қосқан жар едің сен») өлеңдері құрайды. «Бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді».

Үшінші топ – жалғыз өлең: «Онегиннің өлердегі сөзі». «Абай өз жанынан Онегинге ақырғы сөз береді. Бұл – Пушкинде жоқ, еркін өзгерістің, Абайдың сөзінше дәлелденген ерекше бір түр».

Мұхаң Абай еңбегінің жартысынан көбі аударма саласына мүлде жатпайды деп кесіп айтады. Эпистолярлық романның идеялық мақсаты да Пушкин романымен дөп келе бермейтінін айырықша атап өтеді.

Абайдың Онегині мен Пушкиннің Онегині көп тұстарда ұқсамайтыны екі ақынның шығарма жазудағы көркемдік әдістерінің әр түрлігінен бе дерсің. Қазақ ақыны шығармасын ағартушы реализм рухында, әдебиеттің ұстаздық рөлін еске ала отырып жазған. Қазақтың жастары Онегиндей парасатты жігітті үлгі етсін деп ойлаған. Сол себепті «...Абай Онегинді айыпты адам қылып шығармайды. Оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсыздан жаза басқан жазықсыз жан етеді»

Абайдың эпистолярлық романының түпнұсқадан елеулі түрде ауытқу себебі, Мұхаңның пікірінше, Абайдың аударма жөніндегі түсінігіне де байланысты болған. Әуезов Абайды нәзира формасына жүгінген деген де, оған «Ескендір» поэмасын мысал етеді. Тақырып желісін Низамиден алып, көп өзгертіп жырлаған сияқты дейді. Міне, осы жерге келгенде әлі де біраз анықтай түсетін жайлар барлығы байқалмай қалмайды.

«Ескендір» поэмасы Абайдың эпистолярлық романы секілді нәзира жанрына жатқызылса, не себепті күні бүгінге аударма деп аталмаған? Олай аталмауының жөні бар. Абай Низамиден періштенің Ескендірді «бүкіл дүниені жауласаң да саған тойымдық жоқ екен», «топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады» деген идеяны ғана алған да, оны өзінше бейнелеген. Тіпті шағын детальға дейін Абай өзінше кетеді. Таразыға тартқанда не асылдың бәрін басып кететін нәрсе Низамиде – періште берген кішкене тас, Абайда – қу сүйек. Абайдың «Ескендірінде» Низамиден тіке аударылған, не оқиға желісін қайталаған бір

жол байқалмайды. Ескендірден басқа кейіпкерлері бөлек. Оқиға өтетін жері де басқа. «Ескендір» барлық басылымдарға Абайдың төлтума поэмасы ретінде енгізіліп келеді.

Шын мәніндегі – нәзира Науаидің «Ләйлі-Мәжнүні». Ол жайынан академик Конрад былай деп жазған: «Навои внес много своего. И в то же время это, по нашим современным понятиям, и не оригинальное произведение: слишком многое у Навои идет прямо от Низами». Осы қорытындыға иек сүйей отырып және бүгінгі өзгерген критерийлер негізінде Абайдың эпистолярлық романы нәзира арнасына сыймайтынынын айтатын уақыт жеткен сияқты.

Мұхтар Әуезовтің «Пушкин мен Абай» мақаласының жазылғанына жарты ғасырдан асты. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, көп қалыптасқан қағидалар, түсінік, бағам өзгеріс тапты. Әдебиеттану өлшемдері де бұрынғыдай емес. Айталық, Мұхтар Әуезовті бұрын «Шығыстың Шолоховы» дегенді едәуір мақтаныш тұтсақ, қазір ол ұғым да ескіргендей. Бір әдебиеттің табысын екінші әдебиетке телу оның ішкі заңдылықтарымен есептеспеуден туған шалағайлық.

Біздіңше, ұлы жазушы бүгінгі тәуелсіздік мінберіне көтерілсе, уақыт қыспағынан күмілжіп айтуын кейінге қалдырған шындықтарды жайып салар еді. Абайдың эпистолярлық романы аударма емес, «Евгений Онегиннің» жаңа версиясы, тыңнан туған төлтума нұсқасы дер еді. Олай деп жорамал айтуға толық негіз бар. Шынында да тақырыбы, жанры бөлек, кейіпкерлері басқа үлгіде сомдалған, сөз саптауына дейін дара туынды қалайша аударма аталмақ?

Татьянаның Пушкин романындағы хаты мен Абайдың эпистолярлық романындағы хатының арасында айырмашылық жетерлік. Екі хатты қазір салыстырғанда көзің анық жететіні, орыс мәтінінің қазақ ақынында ұзын-ырғасы ғана сақталғандығы. Абай Татьянаның хатын әлденеше қайтара оқып алып, терең түйсініп ұғынып, жүрегіне жеткен күйінде берген. Әр сөзін тіске басып, баламасын тура беруге тырыспаған. Осы принцип өлеңінің ақыр аяғына дейін сақталған.

Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать?
Теперь, я знаю, в вашей воле
Меня презреньем наказать.

Пушкин сөзіне дөп сөз табуға Абайдың қалам қуаты жетпей тұрмаған шығар. Түсінікті етіп жеткізгенмен қыз байғұстың шершеменіне еркін түйсінетіндей болмайды ғой. Сол себепті хат алғашқы шумақ өлеңінен бастап Татьянаның сөзі мүлде қазақы реңк ала бастайды.

Амал жоқ – қайттім білдірмей,
Япырмау, қайтпін айтамын.
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Салыстырып көріңіз. Бастапқы төрт жолдың үшеуі Абайдың төл сөзі. Тек соңғы жолы ғана негізгі мәтіннің ой төркініне жақын. «Мені жек көріп кінәлап жазаласаң да төреңе құлдық» деген сөзді жып-жинақы етіп «не салсаң да тартамын» деп қайырған. Басқасы, әрине, Пушкинше емес. Өлеңнің бүкіл өн бойы – Абайша: «Жат үн, жат тілді Татьяна» ел-жұрттың «Абайдан да естіп көрмеген зарымен шерленеді». Сол зардың мұңды ырғағы демесең, бар соны сөз Абайдікі. Батыс пен Шығыстың түйіскен тұсында туған Абай өлеңінікі. «Шығыс» деген ұғым кездейсоқ келтіріліп отырған жоқ. Татьяна:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс,

дейді. Бұл образды тіркес Пушкинде атымен жоқ. Әсіресе Онегин сөзі бөлектеніп отырады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, эпистолярлық романның алғашқы жолынан-ақ характері Пушкин романындағыдан өзгеше кейіпкерге кезігеміз. Абай өз романын Пушкин шығармасының бірінші тарауындағы X шумақтың

мағынасын жеткізуден бастаса, соның өзі де аударма емес екені тайға таңба басқандай көрініп тұрады.

Как рано мог он лицемерить,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным изнывать,..

Аударма деп отырған романның ең алғашқы шумағы, не қалайы жоқ, аудармаға жатпайды. Жатпайтыны, Пушкин Онегині мен Абай Онегині характері, тағдырына дейін бір-біріне көп ұқсай бермейді.

«Онегиннің сипаты» түпнұсқаға ең жақын бөлім. Тегі аударма деген ұғым осы бөлімнің жолдары мағына жағынан басқа бөлімдерге қарағанда әлдеқайда жақын тұрғандығына байланысты туса керек. Бірақ осында да бас кейіпкердің сипаты Абайша бейнеленеді. Салыстырып көрелік.

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.

Шумақтың ең ілкі жолының өзі түпнұсқамен сәйкеспейді. Абайда Пушкиннің екіжүзді кейіпкері жоқ. Онегин сырын шашпауы тұрсын, ішіне не түйгенін сыртына шығармайтын абзал да асыл азамат көрінеді. Ол «опалы, жақсы жігіт» (М.Әуезов). «Лицемерить» деген сөз Абай кейіпкерінің характеріне үйлеспейтін себепті эпистолярлық романда көзге шыққан сүйелдей боп түсіп қалған.

Пушкиннің Онегині – жас кезіндегі адасу, жеңіл жүріс құрбаны. Өмірінің ең қымбат жастық шағының сегіз жылын салтаң серілік, әләулаймен босқа өткізді. Абайдың Онегині – өйтпеген. Ол сұм қоғамның әділетсіздігінен жапа шегіп жүрген «жақсы жігіт». Сондықтан да ол «Сорлы Онегин, жолды өзін біл, қай тарапка қаңғырар» – деп қамығулы. Бұл өмірден жапа шегіп жүрген талайсыз тағдырлы кейіпкер ақыры фәни дүниемен қоштасып тынады.

Эпистолярлық романның аударма емес, Пушкин романының жаңа нұсқасы (версиясы) болатыны тіпті кейіпкердің сөйлеу мәнерінен, христиан дініндегі Онегиннің мұсылманша «гәпіруінен» көрінеді. Онегин шын жаны қысылғанда Айсаға емес, Аллаға мінажат етеді. («Құп кіріптар қылды Алла».) Татьянаға «Михрабым сен, бас ұрамын» дейді. Онегин орыс арасында емес, бейнебір қазақ арасында өскен сияқты. Өйткені ғашығына зарын тек дала тілімен айтады. «Сен – ағашта піскен алма», «Гауһарым», «Он сегіз мың бұл ғаламның бар тынысы күнде тұр. Мен сықылды сорлы адамның Ықтияры сенде тұр», тағы осы секілді Пушкинде атымен жоқ қазақы тіркестер Онегиннің машықты сөзі. Татьяна да бұл жағынан сүйген жарынан қалыспайды. «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем. Тірі калдым, өлмей эрең, Қатты батты тырнағың», т.т. Бәрі де Пушкинде кездеспейтін, кездесуі мүмкін де емес метафоралар, ауыстырулар.

Абайдың романында өлім тақырыбы жайдан-жай тұмаған. Қазақ версиясындағы Онегин өмірден орын таба алмай жүр. Қоғам оған жон арқасын береді. Болашағы және жоқ. Жалғыздық дерті жегідей жеп барады. Дүние – боқ, қызықтырудан қалды. Абай Онегині зарлай-зарлай дүниеден кетеді. («Атам, анам – кара жер, Сен аша бер қойныңды. Сенен басқа еш жерден таба алмадым орнымды»).

Өлеңмен жазылған эпистолярлық роман Шығыс поэмаларымен жең ұшынан жалғасқан. Онымен типологиялық тамырластығы күшті. Онегиннің Татьянаға жазған хатында басталған, Ленскийдің монологында жалғасқан өлім тақырыбы, керек десеңіз, Татьяна тақырыбынан да елес береді. Еш күмәнсіз ғашық екенін айта отыра, енді екеуінің қосыла алмайтынын жұрт қауесетінен сескенуімен ғана түсіндірмейді. Шығыс поэмаларының әуені бойынша («Ләйлі-Мәжнүн») «Көрісуге шыдамаспыз» дегізеді. Кейіпкер ұғымы – мұсылманша («Талақ еттім бұл ғаламды»), Мұхтар Әуезов жазғандай, Абай орыстың дворян қызына қаспақ қырғызады («Қаймақ еді көңілімде, Бізге қаспақ болды жем»).

Образ жасақталуында түпнұсқадан соншалық айырмасы бар шығарма қалайша балама аударма болмақ?

Абай туындысы түпнұсқадан форма жағынан да алыс жатыр. Стилінде батыс-шығыс сарыны біте қайнасқан. Лексикалық құрамын «Абайдың өзі тудырған тамаша, нәзік те, терең сырлы ащы сөздер, көрікті ойлар немесе шанышпа, мысқыл, әжуа, ащы сөздер...» құрайды.

Мазмұндық-формальдық сыпаты жағынан да түпнұсқа мен оның қазақша нұсқасы екі бөлек дүние. «Евгений Онегин» романында автордың өзінің образы үлкен рөл атқарады. Лирикалық кейіпкер кейпіндегі ақын қай тұста оқиғаға тікелей араласады. Онысы – бүкіл шығарма бойында көбіне оқиғаға баға беруінен, жеңіл я ащы мысқылмен бас кейіпкердің кей әрекетін әжуа етуінен, өзінің пушкиндік тағдырының ауырлығын шағынудан көрінеді. Ал, Абай нұсқасында мұның бірі де жоқ. Оқырман назарында – тек екі жастың бір-біріне іңкәрлігі. Сөніп жанған, ақыры баян таппаған өкінішті махаббат.

Әлбетте, бұл айтылғандардан эпистолярлық романда Пушкин ықпалы жөнінен теріс ұғымға келмеуіміз керек. Пушкин өлеңі балама түрінде аударылмаса да, қазақ өлеңінің бойындағы жаңа рух, соны лептен сезіліп тұрады. Өлең құрылымында «Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы – шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Абай Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады».

Материалы бір, тумысы бөлек жаратылған бұйымдарда ондай ұқсастық табыла береді. Біздің айтпағымыз, версиялық бітім әдеби байланыстар түрінің алуан табиғатына қатысты. Әр әдеби шығарма басқа тілде әр түрде, әр нұсқада өмір сүре бермек. Поэзия қай тілде өмірге келсе, сол тілде салтанат құрмақ. Ақын айтқандай, аударма кілемнің өнінен гөрі сыртқы астарына көбірек ұқсайды. Астарда өрнек тым көмескі көрінеді. Сондықтан эстетикалық әсері түпнұсқаға бара-бар бола алмайды.

Пушкин тоқыған кілемнен қатты әсерленген Абай, өз жанының жаңғырығын ұлттық ұғымда беруге тырысты. Татьяна мен Онегиннің шерлі махаббатының бейнесі кілемнің өң жағында ұлттық өрнек қалпында тоқылған. Қазақтың кәрі-жасы бірдей оны тамашалаудан жалығып көрген емес. Романды оқығанда не еске алғанда Абай жүрегін жарып шыққан Татьяна әнін іштей

ыңылдап қоса айтып отырады. Шерленеді, ләззаттанады. Сезім әлемі махаббат тазалығының шәрбәтінен сусындайды.

Әдеби байланыс атаулы адамзаттың, әр ұлттың, халықтың рухани байлығын тасытпаса, жасытпайды. Абай орыс рухани әлемін ашып қана қойған жоқ. Ол өз жүрегiнiң мұхиттай терең сырларына, туған әдебиетiнiң творчестволық кен байлығының сарқылмайтындығына, қазақ көркем сөзiнiң нелер құз-биiктерге самғай көтерiле алатын қуат-күшiне көз жеткiздi. «Ғақлия» атты қара сөзiнде ұлы Абай: «Әрбiреудiң тiлiн, өнерiн бiлген кiсi соныменен бiрдейлiк дағуасына кiредi», иықтасады деген. Бұл компаративистика ғылымында айтылмай жүрген шешушi принцип. Ол принциптiң дұрыстығын Абай әлемдiк әдеби аламан бәйгенiң алдыңғы легiне жүйткiп шыққан тұлпар талантымен, даналық қуатымен дәлелдедi.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 20 т. 199 б.
2. Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық жинағы. 23-том. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 440 б.
3. Мұхтар Әуезов. Елу томдық. – 412 б.
4. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. 1985. 20 том. – 200 б.
5. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық. 20 том. – 200 б.
6. Жиырма томдық. 19 том. – 8 б.
7. Сонда. – 201 б.
8. Н.И. Конрад. Запад и Восток. М., 1966. Гл. Ред. Вост. Лит. – С.346.
9. А.С. Пушкин. Сочинения. Том третий. Госиздат художественной литературы. – М., 1954. – С.59.
10. Абай. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 138 б.
11. Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 23 том. – Алматы: «Жібек жолы», 2005. – 421 б.
12. Абай. Бірінші том. – 139 б.
13. А.С. Пушкин. Указ. соч. Т.3. – С.11.
14. Абай. Бірінші том. – 136 б.
15. Абай. – 142 б.
16. Сонда. – 145, 146 бб.
17. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық. 20 том. – 198 б.
18. Сол томдықта. 19 т. – 10 б.
19. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық. 2 т. – Алматы: Ғылым, 1977. – 162 б.

ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Мағауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Оныншы том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ҒМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздықова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жанын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ғ. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиралық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің пырқау шыңы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Ғабдуллин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Асқар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майғанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі	37
Мағауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі	51
Елеукенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы	68
Сыздықова Р. Абай тілінің зерттелуі	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан	121
Әшімбаев С. Ақын жанын жабырқатқан жайлар	140
Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері	170
Әбетов Ғ. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиралық типтері	193
Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыңы	213
Бельгер Г. Абай мен Гете	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек	240
Егеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі	267
Түсініктер	276

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IV том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№8879

Басуға 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1509.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.